

◆ Көпишілік назарына!

ЖАУЫНГЕРДІҢ ТУЫСТАРЫ ІЗДЕСТІРІЛУДЕ

Қорғаныс министрлігіне Қазақстан Республикасының Санкт-Петербург қаласындағы Бас консулдығынан Ресей Федерациясының «Пулковские высоты «Іздеу бірлестігі» өңіраралық қоғамдық ұйымынан Қазақ КСР, Ақмола облысы, Сталин ауданы, Боярка ауылында 1907 жылы туған, Ұлы Отан соғысының майданында қаза тапқан Қызыл Армияның жауынгері Семен Данилович Кучерявийдың (сүйектері Ленинград облысының Киров ауданындағы «Синявинские высоты» әскери мемориалына жерленген) туыстары мен ұрпақтарын іздестіруге жәрдемдестіру туралы өтінішхаты келіп түскен.

Осыған орай Ұлы Отан соғысы кезінде қайтыс болған қызыл армияшы Семен Данилович Кучерявийдың Сайрам ауданының аумағында тұрғылықты мекенжайда тұрғаны немесе тұрмағаны және жауынгердің жақын туыстары туралы мәліметтеріңіз болса Сайрам аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге хабарлауларыңызды сұранамыз.

Ғ.БАЛҒЫНБАЕВ,

Сайрам аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы, подполковник.

ЕЛ ДАМУЫНА ҚАУІПТІ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсылық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланысты, оның ішінде Қазақстанда да әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық

институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Ж.ТҮРҒАН,

Сайрам аудандық төтенше жағдайлар басқармасы №6 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры.

АБЗАЛ АЗАМАТ ӨМІРДЕН ӨТТІ

ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, мәдениет саласының көрнекті өкілі, Сайрам, Қазығұрт, Ордабасы аудандарының Құрметті азаматы Темірбаев Сейдуалы Өмірәліұлының өмірден озуына байланысты орны толмас қазаға ортақтасып, марқұмның отбасы мен туған-туыстарына өзінің және Сайрам аудандық мәслихатының депутаттық корпусының атынан қайғырып көңіл айтамын.



Сейдалы Өмірәліұлы – өз ғұмырын қазақ мәдениетін өркендетуге арнаған, талантымен де, парасатымен де елдің ерекше құрметіне ие болған абзал азамат. Оның қажырлы еңбегі, өнер мен руханиятқа сіңірген қызметі, ұлт мәдениетіне қалдырған баға жетпес мұрасы кейінге ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

Елге сыйлы азаматтың еңбегі мен артында қалдырған рухани мұрасы халық жадында мәңгі сақталады.

Ш.ХАЛМУРАДОВ,

Сайрам аудандық мәслихатының төрағасы.

Өрт кез келген уақытта және кез келген жерде пайда болуы мүмкін. Сондықтан өрт кезінде дұрыс әрекет жасау үшін негізгі ережелерді білу керек.

ДҰРЫС ӘРЕКЕТ ЕТКЕН ЖӨН

Ең бірінші өзіңізді құтқару 101 телефонына қоңырау шалудан басталады. Анық және түсінікті етіп, саспастан қай жерде не нәрсе жанып жатқанын, өзіңіздің телефон нөміріңізді, аты-жөніңізді айтыңыз. Телефон тұтқасын қоймаңыз, диспетчердің тағы да сұрақтары болуы мүмкін.

Өрт қатермен қатар шығын келтіреді. Газет және журнал беттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін дұрыс пайдалану туралы қаншама мақала жариялануда, сонда да тұрғындардың ішінде «барлық нәрсе жануы мүмкін, бірақ мен

емес және менің отбасым емес» деп жар салатындар да бар.

Кез келген өрт әрқашан да қауіпті.

Оның ішінде тұрғын үйлерде және ғимараттарда болатын өрттер қайғымен аяқталады. Өрт қауіпсіздігі ережелерін дұрыс сақтамау аса ауыр қайғылы жағдайға алып келеді. Адамдардың өрт зардабынан үйлерінен айырылып қалып жатқаны қандай қайғылы жағдай десеңізші.

А.ТУРАНОВ,

Шымкент қаласы, Абай аудандық төтенше жағдайлар басқармасы №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау майоры.

Тұрғындармен жылыту маусымына дайындық туралы әңгіме жүргізіліп, пешті пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері түсіндіріледі, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау бойынша жадынамалар таратылады.

Әрбір үйге кіре отырып, бірінші кезекте пешті пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу мәніне жылыту пештері тексеріліп, оларды жою бойынша ұсыныстар беріледі. Сонымен қатар көмір мен отынды сақтау ережелері түсіндіріледі.

Өз үйлеріңізде өрттің алдын алу мүлдем қиын емес, ол үшін өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау керек:

- жанып жатқан пештерді және қосылған электр аспаптарын қараусыз қалдырмау;

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

- балалар мен іс-әрекетке қабілетсіз отбасы мүшелеріне жылыту және жылыту құралдарын бақылауға жол бермеуге;

- пештің қызуына жол бермеу;
- бір мезгілде бірнеше қуатты тұрмыстық құралдарды қоса алғанда, электр сымдарын шамадан тыс жүктеуге болмайды;
- электр құралдарын тек нұсқаулыққа сәйкес пайдалану;

- қолдан жасалған жылытқыштарды және қолдан жасалған басқа да электр құралдарын пайдаланбау қажет.

Ж.ҚОСПАНОВ,

Ордабасы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

ГАЗ ҚАУІПСІЗДІГІ

Өрт сөндіру және өрттің ең көп саны тұрғын үй секторында орын алады. Сондықтан тұрғындарды күнделікті өмірде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырамыз. Өрттің ең көп тараған себептерінің бірі тұрмыстық техника мен газ жабдығының дұрыс жұмыс істемеуі.

Есіңізде болсын, газдың шығуы не ұмытып кеткендіктен, не газ құбырларының, жабдықтары мен газ құрылғыларындағы ақаулардың нәтижесінде, сондай-ақ газ баллондарының дұрыс жұмыс істемеуі салдарынан орын алады.

Сондай-ақ, газды, электр қуатын, жылыту құралдарын және басқа да тұрмыстық техниканы мұқият пайдалану өрттің алдын алу үшін қажетті шаралар болып

табылады.

Сіздің қауіпсіздігіңіз өз қолыңызда. Өрт қауіпсіздігінің негізгі қағидаларын сақтай отырып, сіз тұрғын үй мен мүлікті ғана емес, сонымен бірге өзіңіздің өміріңізді сақтайсыз. Егер үйіңізде апат болған жағдайда, өрт сөндіру және жедел авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің 101, ал құтқару қызметінің 112 нөміріне хабарласыңыз.

М.БЕКБОЛАТ,

Шымкент қаласы, Тұран аудандық төтенше жағдайлар басқармасы мамандандырылған жасақ бастығының көмекшісі, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Тұрғындар пеш, газ, жылу және электр жабдықтарын пайдаланудағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаса өрт оқиғалары азаяр еді. Әрбір адам өзін, балаларын туыстарын қайғылы жағдайлардан қорғау үшін қарапайым ережелерді сақтау қажет:

1. Жер учаскесінің аумағы жанғыш қалдықтардан, қоқыстардан, ыдыстардан, түскен жапырақтардан, құрғақ шөптерден уақтылы тазартылуы тиіс.

2. Газ баллондары (жұмыс және қосалқы) ғимараттан тыс жапсарлас құрылыстарда (баллондардың жоғарғы бөлігін және редукторды жабатын шкафтарда немесе қаптамалардың астында) орналасуы тиіс.

3. Өрттің қауіпі туралы жас-өспірімдерге түсіндіру жұмыстарын жүргізіңіз. Ешқашан балаларға сіріңкемен ойнауға жол бермеңіз.

4. Жылыту құралдары мен пеш-терді пайдалану кезінде сақ болыңыз.

5. Тек ақаусыз электр құралдарын, штепсельді розеткаларды ғана пайдаланыңыз, электр сымдарының

САҚТЫҚТЫ ҰМЫТПАҢЫЗ...

оқшаулау жағдайын қадағалаңыз.

6. Төсекте, қорада, шатырда, жанғыш материалдарды сақтау орындарында темекі тартпаңыз, сөндірілмеген сіріңкені, темекі тұқылын тастамаңыз.

7. Үйден шығар кезде теледидарды, жарық шамдарын, барлық электр қыздырғышты және газ аспаптарының сөндірілгеніне көз жеткізіңіз.

Пештердің ақаулығы, көзге көрінетін зақымдары бар электр сымдары өрттің болуына тез тұтанатын сұйықтықтар себеп болуы мүмкін.

Д.ӘБДРАЙМ,

Түлкібас аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау капитаны.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«M TRADE 19» ЖШС-і, Экологиялық кодекстің 87-бабы 2) тармақшасына сәйкес 2025 жылғы 9 желтоқсаннан бастап 5 жұмыс күні ішінде <https://ndbecology.gov.kz/> порталында Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, № 200 квартал, 389 ғимарат мекенжайындағы автожанармай құю станциясы, дүкен, техникалық қызмет көрсету станциясы, қонақ үй және кафе үшін Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін келесі порталда танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz/>). Қосымша ақпарат тел 8(7262)452345, эл. мекенжайы: otan_2010@mail.ru

МҰРАГЕРЛЕРДІ ШАҚЫРАМЫЗ

Алметов Махмутбек 2022 жылғы 13 маусымда қайтыс болған. Марқұмның барлық мұрагерлерін Ақсу ауылы, Жібек жолы көшесі, №176/Б үйдегі нотариус Назарбеков Нурбек Доскаловичке келуін сұранамыз.

Телефоны: 8701 411 19 17

«Мәртөбе» газетінің редакциясы ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, мәдениет саласының көрнекті өкілі, Сайрам, Қазығұрт, Ордабасы аудандарының Құрметті азаматы

Сейдуалы Өмірәліұлы ТЕМІРБАЕВТЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ж.Қауалов атындағы жалпы білім беретін мектептің ұжымы мектеп мұғалімі Айнаш Темірбаеваға ағасы **Сейдуалы Өмірәліұлы ТЕМІРБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.